

Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округіндегі Кенжекөл, Байдала және Долгое ауылдарының көшелеріне қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 7 қарашадағы № 17-1-03/66 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 қарашада № 6117 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округіндегі Кенжекөл, Байдала және Долгое ауылдары тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, 2018 жылғы 23 мамырдағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысының негізінде Кенжекөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округіндегі Кенжекөл ауылының " Октябрьская" көшесін - "Шоң би" көшесі, "Луговая" көшесін - "Көкжайық" көшесі, " Конституция" алаңы - "Ата Заң" алаңы, "Школьный" тұйық көшесін - "Ұлан" тұйық көшесі, Байдала ауылының "Узденов" көшесін - "Ақжол" көшесі, Долгое ауылының " Лунев" көшесін - "Мұрагер" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолдаңызға енгізіледі.

*Кенжекөл ауылдық
округінің әкімі*

С. Шуақбаев